

Ақкөл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 1 қарашадағы № А-11/303 "Ақкөл ауданында ауыр жұмыстардағы, зиянды, қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмай, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызына дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 18 қаңтардағы № А-1/4 қаулысы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 26 қаңтарда № 26650 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Ақкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақкөл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 1 қарашадағы № А-11/303 "Ақкөл ауданында ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызына дейінгі мөлшерінде мүгедектертерді жұмысқа орналастыру үшін квотасын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6158 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімінің орынбасары А.А. Алинге жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақкөл ауданының әкімі

Ю.Курушин